

Қуанбаева Жанар Сұлтанбекқызы

Оқытушы

Қуанбаева Жанар Сұлтанбекқызы 1984 жылы Отырар ауданында дүниеге келген. 2005ж. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің лингвистика: қазақ тілі мамандығы бойынша бітіріп, 2009ж. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратураға түсіп Филология: қазақ тілі мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2009 жылдың қыркүйегінен бастап. АИУ Қазақ тілі кафедрасының оқу шебері, 2012 жылы ОҚМПИ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының лаборанты болып жұмыс жасады. 2018 жылдың қыркүйек айынан бастап ОҚМПУ-да қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы болып қызмет атқарды. 2019 жылы «Өрлеу» біліктілікті



арттыру ұлттық орталығы «Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы жоғары оқу орындарындағы заманауи педагогикалық технологиялар» (260 сағат) сертификатын алды. 2019 жылы Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі «Институционалдық аккредиттеу шеңберінде жоғары оқу орнының өзін-өзі бағалау бойынша есебін дайындауы» атты оқыту семинарына қатысты. 2017 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қолжеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін «Құрмет грамотасымен», 2021 жылы «ОҚМПУ-80 жылдық» төсбелгісімен марапатталған. Зерттеу жұмысы бойынша 20-дан аса ғылыми мақала жариялаған.

2021 жылдан бастап Филология факультетінің декан орынбасары қызметін атқаруда.